

Ф. Е. Бөрібай, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ІІМ оқу орнының курсанттарын әскери тактикалық дайындаудағы оқыту әдістемесін жетілдіру

Аннотация. Мақалада алдыңғы қатарлы озық әдістемелік тәжірибені қолдана отырып әскери тактикалық оқыту тәжірибесін енгізу және оқу-жаттығу базасын жетілдіру мақсаттары және курсанттарды арнайы-тактикалық дайындау барысында қызметтерінде кездесетін әртүрлі жағдайларда сақ болуға мүмкіндік беретін орнықты білім, іскерлік, дағдыларды меңгеру, бөлімшені іскерлікпен басқару негізге алынады, қосалқы және жиынтық жасақтарды дағдарысты жағдайларда басқаруға дайындау қарастырылған. Бұл қағида оқылатын тұтас алғанда әрбір жеке сабақтың мақсаты және мазмұнын түсінуді болжайды, алынған білімнің, іскерлік, дағдының тәжірибелік құндылығын сезіну; олардың оқу материалына қызығушылығының болуы; сабақ үдерісінде ойлау іс-әрекетінің белсенділігі, меңгерілген білімді, өзіндік бақылауды жүзеге асыру, білімді тәжірибеде шығармашылықпен қолдануды қамтиды.

Түйін сөздер: жиынтық, дағдарыс, әдістер, пейнтбол, білім, оқытушы, ұлттық, жауынгер, іскерлік, педагогика.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарында курсанттарды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде педагогика ғылымдарының оқыту тәсілдерін, қағида және әдістерін оқыту формалары жалпы кең аяда қолданылады. Ішкі істер органдары қызметкерлерін арнайы кәсіби дайындаудың жетекші құралдарының бірі арнайы-тактикалық дайындық болып табылады.

Арнайы-тактикалық дайындық сабақтарында курсанттарға дағдарысты жағдайлар болған жағдайда және күнделікті іс-әрекетте жауынгерлік-қызметтік тапсырмаларды орындауды бөлімшелерде үйлесімді жүзеге асыру үшін оларда іскерлік пен дағдылар қалыптастырылады, білім меңгеріледі. Курсанттарды арнайы-тактикалық дайындау барысында қызметтерінде кездесетін әртүрлі жағдайларда сақ болуға мүмкіндік беретін орнықты білім, іскерлік, дағдыларды меңгереді, бөлімшені іскерлікпен басқару негізге алынады, қосалқы және жиынтық жасақтарды дағдарысты жағдайларда басқаруға дайындау. Олар анағұрлым жауынгерлік қызметке жақын жағдайда және ережеге сәйкес тұрғылықты жерлерде және тактикалық қалаларда жүргізілуі керек. Бұл өз кезегінде арнайы-тактикалық сабақтардың және оқытудың мәнін және атқаратын рөлін арттырады. Арнайы-тактикалық дайындықтың өзгеруі, сондай-ақ жеке құрамның жауынгерлік-моральдық сапаларына талаптың өсуі әдістерге айтарлықтай әсер етеді.

Арнайы-тактикалық дайындық әдістері — бұл жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту формалары мен тәсілдерінің тұтастығы әскери және ішкі істер басқармасының бөлімшелерін басқаруға қойылған тапсырмаларды орындауға ықпал етеді. Қалыпты жағдайда және дағдарысты жағдайларда жауынгерлік-қызметтік тапсырмаларды орындауда ішкі істер органдарының құралдары мен күштерін дайындау қажеттілік ретінде өзіндік сипатта меңгеріледі. Дайындықтың арнайы-тактикалық әдісі:

– өзге пәндер кешенінде арнайы-тактикалық дайындық бөлімдері және тақырыптарын оқытуда бірізділікті белгілеу;

– арнайы-тактикалық дайындық барысында оқыту қағидасын жүзеге асыру жолдарын қарастыру;

– курсанттарды тәрбиелеу және оқыту формалары мен тәсілдерін арнайы-тактикалық дайындау мазмұны мен мақсатына сәйкес таңдау, оларды анағұрлым тиімді қолдану жағдайын, өзара байланысын, олардың орнын анықтау;

– оқу-материалдық базасына, материалдарды оқыту үрдісінде тиімді қолдануға, дайындыққа қойылатын талаптарды жасау;

- оқытушының оқыту үрдісіндегі рөлі мен орнын анықтау, оның әдістемелік дайындық талаптарын анықтау;
- білім алушының іс-әрекетіне және оның оқу сабақтарына неғұрлым мақсатты қатынасын іздеу;
- білім, іскерлік, дағдылар жүйесін бақылау және бағалауды жетілдіру;
- алдыңғы қатарлы әдістемелік тәжірибені зерттеу, оқыту тәжірибесіне енгізу жолдарын анықтау керек [1].

Күнделікті немесе кездейсоқ туындайтын тапсырмаларды орындау үрдісінде төтенше жағдайларда қалыпты жағдайдағы сияқты және әскери уақытта басқару, сол уақыттағы жағдай туралы мәліметтердің жеткіліксіздігі сезіледі, алайда мұндай кезеңдерде неғұрлым дұрыс шешім қабылдай алуы керек. Ішкі істер органдары және Ұлттық ұланның арнайы құралдары мен күштерінің жауынгерлік дайындықтарын әрдайым қамтамасыз ету оқыту қағидасы — ішкі істер органдарының әрбір қызметкерлерінің, бөлімшенің әскери қызметкерлерінің, бөлімшелердің, біріктіру және басқару органдарының нақты және берілген жауынгерлік-қызметтік тапсырмаларды толық көлемде орындау дайындығын қамтамасыз ететін, жауынгерлік ұйымдастыру және қызметтік дайындықты анықтайды. Қағиданы жүзеге асыру жауынгерлік дайындықты қамтамасыз етуді талап етеді, Ұлттық ұланның арнайы құралдары мен күштері, ішкі істер бөлімінде және ішкі істер бөлімшелерінде кез келген жағдайда оларға берілген жауынгерлік-қызметтік тапсырманы орындауды қамтамасыз етуі шарт. Оқытудың саналылық, белсенділік және өзінділік қағидасы оқыту үрдісінде білім мен іскерлік, дағдыларды меңгерудің маңыздылығын түсінуіне негізделеді. Бұл қағида оқылатын тұтас алғанда әрбір жеке сабақтың мақсаты және мазмұнын түсінуді болжайды, алынған білімнің, іскерлік, дағдының тәжірибелік құндылығын сезіну; олардың оқу материалына қызығушылығының болуы; сабақ үдерісінде ойлау іс-әрекетінің белсенділігі, меңгерілген білімді, өзіндік бақылауды жүзеге асыру, білімді тәжірибеде шығармашылықпен қолдануды қамтиды. Сол уақытта бұл қағида курсанттардың ұдайы санасын оятып оқу материалдарын өз бетінше меңгеруге бағыттап отыратын оқытуды жүзеге асырудағы сабақ жетекшісінің іс-әрекетін көрсетеді. Білім алушылардың белсенділігі сабаққа тыңғылықты дайындығын шеберлікпен сүйемелдеу, материалдық-техникалық жеткілікті қамтамасыз ету, оны өткізу барысында мәселелік жағдайларды құру қажет. Курсанттарды оқыту арқылы өз бетінше қажетті ақпараттарды табуға және кездескен мәселелерді шешуге көмектесу қажет.

Оқытудың көрнекілік қағидасы оқу үдерісінің сапалық жақтарының бірін көрсетеді, білімді игеру іскерлік дағдылардың қалыптасуы білім алушылардың көрнекі құралдардың әсерінен пайда болған елестермен нақты бейнелер негізінде жүзеге асуы болып табылады. Жетекші сабаққа дайындалуда көрнекілік құралдары туралы және оның түрлері, сондай-ақ олар қандай мақсатта қолданылады деген сияқты сұрақтар туралы ойлануы керек.

Көрнекі құралдарды дұрыс қолдану ішкі істер органдарының жауынгерлік-қызметінің жағдайын дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Ол үшін сабақтар мен оқыту көрнекі құралдарды шынайы жағдайға жақын қамтамасыз етуді ұйымдастыру керек. Ол үшін сабақ оқуды шынайы жағдайға жақын болуын қамтамасыз ететін көрнекі құралдар қолдана отырып ұйымдастыру керек. Бұған әртүрлі құралдардың имитациялық жергілікті заттардың жануы, сынған әскери арнайы техникаларды т. б. көрсету немесе қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Сабақ барысында білім алушылардың жай бақылаушы болуына жол берілмейді.

Әрбір сабақ өткен сабақ материалдарына негізделуі, оны бекітуге қабілетті болуы керек, білім алушыларды келесі материалды меңгеруге дайындау, олардың білім, іскерлігі мен дағдысы кешенін қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Материалдың әрбір бөлімі анықталған қандайда нақты сипат алуы керек және сол уақытта біртұтастықтың бөлімі ретінде қабылданады.

Оқытудың қол жетімділік қағидасы әрбір білім алушының өз тәжірибесіне сәйкес, нақты жағдайларда жалпы даму саналы түрде теориялық және тәжірибелік

материалдардың тек анықталған қиындықтарын меңгеруі арқылы жүреді. Алайда бұл оқытуда шиеленісті жағдайды құру керек және бұл күрделі сұрақтардан бас тарту деген сөз емес. Оқытудың қол жетімділік қағидасы оқытудың қиындығын жоғары деңгейде қарастырады.

Бұл қағиданың талаптарын сәтті жүзеге асыру оқытушыны білім алушылардың оқудағы қиындықтары мен ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктерінің шамасын нақты үйлестіре алуды міндеттейді; өзіндік сабақтарының арасындағы уақытты тиімді пайдалану; білім алушыларды мақсатқа бағыттап отырып оқуға дұрыс қатынасын тәрбиелеу, қабілеттерін дамыту, іскерлігі мен дағдыларын жетілдіру; ҰҰ және ПО жауынгерлік-қызметтік іс-әрекетте күрделі сұрақтарды тапқырлықпен және бірізділікті ашу айқын, белгілі және түсінікті фактілерге көңіл бөлу; көрнекі құралдарды қолдану; білім алушылардың психологиясын түсінуге сүйенеді.

Білім, іскерлік, дағдының қағидасы білім алушылардың ұзақ уақыт бойы негізгі материалды терең игеруіне бағытталады. Олардың мықты, тұрақты білім алуы не үшін қажеттігі, үйреніп жатқан тәсілдерін жоғарғы деңгейге дейін жеткізу мүмкіндіктерін есепті түрде сезінулері өте маңызды болып табылады. Бұл қағиданы тиімді жүзеге асыру болып іс-әрекеттер мен меңгерілген тәсілдерді орындаудағы жаттығулар мен күнделікті алған білімдері мен дағдыларын, іскерлігін тәжірибелік қызметінде қолдану болып табылады. Дамыған шет мемлекеттердің арнайы жасақтарын дайындау тәжірибесін ескере отырып, оқу үрдісінде қолдану мүмкіндіктері, қарулы қылмыскерлерді құрықтауда әртүрлі жағдайларда арнайы әрекетті өңдеуде «ПЕЙНТБОЛ» арнайы жинағы сабақты немесе оқытуды шынайы жағдайға жақындатуға мүмкіндік береді [ii].

Оқытудың ұжымдық және жекелік қағидасы тұрғысынан келу барлық білім алушылардың келісіміне қолайлы жағдай жасауды, сондай-ақ олардың әрқайсысына жеке тұрғыдан келуді талап етеді. Арнайы-тактикалық сабағын ұйымдастыруда және дайындауда жауынгерлік-қызметтік тапсырмаларын табысты орындауда ішкі істер органдарының және әскери-қызметкерлердің іс-шараға тартылған бөлімшелердің жеке қызметкерлерінің шеберлігіне тәуелді екендігін ескеру қажет.

Сондықтан-да Ұлттық ұлан мен ішкі істер органдарын оқыту объектісі болып ішкі істер органдарының бөліністері мен жеке қызметкерлері болып табылады. Сабақтарда оқыту ішкі істер органдары және әскери қызметкерлердің жеке дайындықтарын жетілдіреді. Оқыту үдерісінде оқыту қағидасын өзара тығыз байланыстыра отырып, оларды үйлесімді қолдану қажет. Оқытуда және оқу сабақтарында қағидалар жүйесі кең түрде жүйелі қолданылса оқу әрекеті табысты да нәтижелі болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные учебно-методические вопросы совершенствования военной тактики в процессе обучения курсантов.

RESUME

In the given article are considered educational and methodological questions of improving the military tactics in training of cadets.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- i. https://infourok.ru/esse_men_pedagogikaly_stanymym-308193.htm
- ii. <http://paintballural.ru/games/paintball/1.html>